

Н.К. ҚЫПШАҚБАЙ^{1✉}, А.М. АБАСИЛОВ²¹PhD докторант, e-mail: kypshakbay.n@korkyt.kz²филология ғылымдарының кандидаты^{1,2}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті
(Қазақстан, Қызылорда қ.), e-mail: aman_abasilov@mail.ru**КІРМЕ СӨЗДЕРДІ ОҚЫТУДА «АХМЕТ. ҰЛТ ҰСТАЗЫ» ФИЛЬМІН ҚОЛДАНУ**

Аңдатпа. Мақалада студенттерге тілдегі кірме сөздердің ену үдерісін, тілдің тарихи дамуындағы орны мен маңызын көркем фильм көмегімен оқыту мәселесі қарастырылады. Қазіргі әдістемелік тәжірибеде тілдің кейбір ішкі бірліктерін оқытуда, түсіндіруде көркем фильмді пайдалану тиімді әдістердің бірі ретінде ұсынылып жүр. Бұл әдістің, әсіресе, кірме сөздердің табиғатын білуде, ену себептерін анықтауда, қолданылуын зерделеуде орны ерекше. Мақала авторлары қазіргі қазақ тіліндегі өзге тілдерден енген сөздердің XX ғасыр басында қалай алынғанын, баламаланғанын, икемделгенін «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты фильмі арқылы талдайды. Зерттеудің мақсаты – фильм арқылы XX ғасыр басында Алаш зиялыларының, оның ішінде Ақимет Байтұрсынұлының өзге тілден сөз алуда ұстанған ғылыми қағидаттарын, соның негізіндегі алынған кірме сөздерді қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларымен салыстыра отырып зерттеу. Мақалада көркем фильм арқылы кірме сөздерді оқып-түсіну мәселелерін сын тұрғысынан қалай дамытуға болатыны кейс-стади әдісі арқылы талқыланады. Оқыту, әңгімелеу және баяндау теорияларына сүйене отырып, мақалада бір ғасыр бұрын Кеңес одағы кезінде қазақ тіліне өзге тілдерден енген сөздердің мән-мағынасы және А.Байтұрсынұлы ұсынған қазақ тіліндегі нұсқалары топтық жұмыс бойынша қарастырылып талданды. Мұнда қазақ тіліндегі кірме сөздерді фильм арқылы оқу дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалардан мысалдар келтіріледі. Берілген тапсырмаларға кері байланыс ретінде жүргізілген INSERT әдісі оларды жан-жақты зерделеуге септігін тигізді. Жүргізілген зерттеу нәтижесінде кірме сөздер табиғатын фильм арқылы меңгерту әдісі студенттің сабаққа деген қызығушылығын арттыратындығын көрсетті. Олардың белгілі бір ұғымдар мен пәндік сөздерді қолдануға қатысты сөздік қорын кеңейтуге септігін тигізді. Деректерді талдауға арналған Jamovi компьютерлік бағдарламасы зерттеу нәтижесінің тиімділігін статистикалық тұрғыдан дәлелдеп берді. Фильмді оқыту материалы ретінде қолдану кірме сөздерді меңгеру үдерісін жеңілдетіп, студенттердің қазақ тілін меңгеру сапасын жақсартады. Сонымен қатар бұл әдіс студенттердің тарихи-лингвистикалық көзқарасын да қалыптастыруға ықпал етеді. Мақала соңында авторлар қазақ тілін оқытуда фильмнің маңыздылығын және оның болашақ зерттеулер үшін перспективалық құрал бола алатындығын көрсетеді. Фильм арқылы оқыту студенттердің

*** Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Қыпшақбай Н.К., Абасилов А.М. Кірме сөздерді оқытуда «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмін қолдану // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2025. – №4 (138). – Б. 498–512. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.307>

***Cite us correctly:**

Kypshakbay N.K., Abasilov A.M. Kirme sozderdi oqytuda «Ahmet. Ult ustazy» filmin qoldanu [Using the Film “Akhmet. Teacher of the Nation” in Teaching Loanwords] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2025. – №4 (138). – Б. 498–512. <https://doi.org/10.47526/2025-4/2664-0686.307>

тілдік дағдыларын жақсартуға, олардың кірме сөздерді түсінуін тереңдетуге және сабақ үдерісін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді деген ой түйеді.

Кілт сөздер: қазақ тілі, кірме сөз, фильм арқылы оқыту, әдістеме, ұлт ұстазы.

N.K. Kypshakbay¹, A.M. Abasilov²

¹PhD Doctoral Student, e-mail: kypshakbay.n@korkyt.kz

²Candidate of Philological Sciences, e-mail: aman_abasilov@mail.ru

^{1,2}Korkyt Ata Kyzylorda University (Kazakhstan, Kyzylorda)

Using the Film “Akhmet. Teacher of the Nation” in Teaching Loanwords

Abstract. The article addresses the issue of teaching students the process of introducing loanwords into the language, their role, and significance in the historical development of the language, using feature films as a context. In modern methodological practice, the use of feature films is considered one of the most effective methods of teaching and explaining some internal units of the language. This method is significant for understanding the nature of loanwords, determining the reasons for their emergence, and analyzing their usage. The authors of the article analyze how words from other languages entered the modern Kazakh language at the beginning of the 20th century, using the example of the film “Akhmet. Teacher of the Nation”. The purpose of this work is to examine the scientific principles that guided representatives of the Alash intelligentsia, including A. Baitursynuly, when borrowing words from other languages at the beginning of the 20th century, and to compare these borrowed words with their modern Kazakh variants using the case study method. The article discusses how to develop critical reading and understanding skills by analyzing critically borrowed words through feature films. Based on theories of learning and storytelling, the article examines and analyzes the meanings of words that entered the Kazakh language from other languages a century ago during the Soviet Era, as well as the Kazakh versions proposed by A. Baitursynuly in group work. Examples of tasks designed to develop the skills of reading borrowed words in the Kazakh language, using films as a resource, are provided. The *INSERT* method, which was used as feedback on these tasks, contributed to their comprehensive study. The results of the study showed that learning the nature of loanwords through vocabulary in films increases students’ interest in the lesson. This helped them expand their vocabulary in relation to the use of certain concepts and thematic words. The computer data analysis program *Jamovi* statistically proved the effectiveness of the research results. The use of films as teaching materials simplifies the process of learning borrowed words and improves the quality of learning the Kazakh language by students. In conclusion, the authors highlight the importance of film in teaching the Kazakh language and its potential as a promising tool for future research. The authors conclude that film-based learning contributes to the development of students’ language skills, deepening their understanding of foreign language vocabulary, and increasing the interest and effectiveness of the learning process.

Keywords: Kazakh language, loanword, learning through film, methodology, teacher of the nation.

Н.К. Кыпшакбай¹, А.М. Абасилов²

¹PhD докторант, e-mail: kypshakbay.n@korkyt.kz

²кандидат филологических наук, e-mail: aman_abasilov@mail.ru

^{1,2}Кызылординский университет имени Коркыт Ата (Казахстан, г. Кызылорда)

Использование фильма «Ахмет. Учитель нации» в обучении заимствованных слов

Аннотация. В статье рассматривается вопрос обучения студентов процессу введения заимствованных слов в язык, их месту и значению в историческом развитии языка с использованием художественных фильмов. В современной методической практике использование художественных фильмов считается одним из самых эффективных методов обучения и объяснения некоторых внутренних единиц языка. Этот метод особенно важен для понимания природы заимствованных слов, определения причин их появления и изучения их использования. Авторы статьи анализируют, как слова, пришедшие из других языков в современный казахский язык, были заимствованы, ассимилированы и адаптированы в начале XX века на примере фильма «Ахмет. Учитель нации». Цель исследования –изучить научные принципы, которым следовали представители интеллигенции Алаш, в том числе А. Байтұрсынулы, при заимствовании слов из других языков в начале XX века через фильм, и на этой основе сравнить заимствованные слова с их вариантами в современном казахском языке, используя метод кейс-стади. В статье рассматривается, как критически разрабатывать проблемы чтения и понимания заимствованных слов через художественные фильмы. Основываясь на теориях обучения, повествования, в статье рассматривается и анализируется значение слов, вошедших в казахский язык из других языков столетие назад во времена Советского Союза, и казахские варианты, предложенные А. Байтұрсынулы в групповой работе. Приведены примеры заданий, направленных на развитие навыков чтения заимствованных слов на казахском языке с помощью фильмов. Метод *INSERT*, который использовался в качестве обратной связи по данным заданиям, способствовал их всестороннему изучению. Результаты исследования показали, что метод усвоения характера заимствованных слов через фильмы повышает интерес учащихся к уроку. Это помогло им расширить свой словарный запас в отношении использования определенных понятий и предметных слов. Компьютерная программа для анализа данных *Jamovi* статистически доказала эффективность результатов исследования. Использование фильмов в качестве учебных материалов упрощает процесс изучения заимствованных слов и повышает качество усвоения казахского языка учащимися. Кроме того, данный метод способствует формированию историко-лингвистического мировоззрения студентов. В заключении статьи авторы подчёркивают важность фильма в обучении казахскому языку и его потенциал как перспективного инструмента для будущих исследований. Авторы приходят к выводу, что обучение посредством фильмов способствует развитию языковых навыков учащихся, углублению понимания иноязычной лексики и повышению интереса и эффективности процесса обучения.

Ключевые слова: казахский язык, заимствованное слово, обучение через фильм, методология, учитель нации.

Кіріспе

Қазақ тілін қазақ аудиториясында, оның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы студенттеріне оқытуда фильмді қалай пайдалануға болады деген осы мақаланың зерттеу сұрағы әрі нысаны болып табылады. Біз оқыту үдерісінде фильмді қолданудың бір жолын, яғни қазақ тіліне енген кірме сөздердің табиғатын таныту мен олардың баламасын табу, аудару немесе қазақы сөйлеу қалыбына икемдеп әдеби нормаға түсіру мәселелерін қарастырамыз.

Қазақ тіл білімінде бұл бағытта, яғни өзге тілден сөз алудың өзіндік қағидаттарын жасап, жол сілтеген ұлт ұстазы – Ақымет Байтұрсынұлы болды. Оның жүз жыл бұрын қолға алған басты қаруы сөз өнері еді. Ол сөз өнерін ғылыми тұрғыдан саралап, теориялық негіздерін қалады. Тілді дұрыс қолданудың, тіл мәдениетін сақтау мен дамытудың

қағидаттарын белгілеп берді. Қазақ тілінің тазалығын сақтау үшін орасан зор еңбек етті. Ол ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірісіп, одан кейін қазақ әліпбиін жасап, емлесін ретке салып, жетілдірді. Сосын қазақтың жазба тілін өзге тілдерден келген жат сөздерден арылтуға, синтаксистік құрылысын өзге тілдердің әсерінен тазартуға әрекеттенді. Одан соң қазақ сөз өнерін жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді жасаумен, қалыптастырумен айналысты. Осы бағытта өзге тілден сөз алудың қағидаттарын жасап, оны өз тәжірибесінде пайдаланды. Ұлт ұстазының осы қыруар еңбегі «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмінде жақсы көрініс тапқан.

Студент фильмді көру арқылы А. Байтұрсынұлының өзге тіл сөзін қазақ ұғымына сай қалай алғанына, қазақ тілінің сөзжасамдық және терминжасамдық жүйесінің ерекшелігіне терең бойлай алады.

Фильмді сабақта пайдалану тіл үйренушілердің ойлау қабілеттерін ғана дамытып қоймайды, сонымен қатар оқытушыға фильм арқылы оқытудың мақсаты мен бірнеше міндеттерін іске асыруға да көмектеседі.

Зерттеудің мақсаты – фильм арқылы XX ғасыр басында Алаш зиялыларының, оның ішінде Ақымет Байтұрсынұлының өзге тілден сөз алуда ұстанған ғылыми қағидаттарын, соның негізіндегі алынған кірме сөздерді қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларымен салыстыра отырып зерттеу.

Зерттеудің міндеттері:

- қазақ тілін ана тілі ретінде үйрету барысында кірме сөздерді фильм арқылы оқып-үйренуге бағыттау;
- фильмді тілдік сабақтарда оқу материалын визуализациялау үшін пайдалану және оны жақсы меңгертуге ықпал ету;
- фильмді қолдану арқылы студенттердің белгілі бір объектіге зейінін аудара білу, көру және тыңдау үдерісінде сананың дәл бағыт алуын қалыптастыру.

Жоғарыда көрсетілген зерттеу мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізуде біз 2022-2023 оқу жылының 1-жартыжылдығында «Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының» 3-курсында «Ақыметтану» пәні бойынша эксперименттік сабақ жүргіздік. Бұл аталған білім беру бағдарламасы бойынша жазылып жатқан диссертациялық жұмыстың эксперимент бөлімін қамтиды. Мұнда авторлар кірме сөздерге қатысты барлығы 12 практикалық сабақ өткізді. Сол сабақтарда қазақ тіліндегі кірме сөздердің және терминологияның қалыптасуын фильм арқылы талқылау әдістері қолданылды. Бұл мақалада қазақ тіліндегі кірме сөздер мен терминдердің табиғатын түсіндіруде фильмді қолдану әдісі бойынша жүргізілген бір практикалық сабақтың барысы беріліп отыр.

Қазіргі таңдағы технологиялық жетістіктер мен әртүрлі аудио-бейне материалдардың қолжетімділігі, соның ішінде алуан тақырыптағы фильмдер оқу үдерісінде тілдік және әлеуметтік-мәдени білімді меңгеру құралы ретінде кеңінен пайдаланып жүр. Кингтің пікірінше фильм студенттерге жан-жақты білім беру мүмкіндігімен қоса, ынталандыратын бай мазмұнды да қамтиды [1, 51-б.]. Ал Браун: «Бүгінде киноның ауқымы кеңейген және салт-дәстүрлер мен зерттеулерге бай. Осыған қарамастан фильмдер әлі күнге дейін оқытуда негізгі дереккөз ретінде кеңінен пайдаланылмайды», – деген сыни ой айтады [2, 235-б.].

Фильм – әсіресе шет тілін оқытуда қолдануға болатын аудиовизуалды ақпарат құралы. Мысалы, тіл үйрену барысында студенттерге айтылым мен тыңдалым дағдыларын меңгерту оңай емес. Сондықтан тілді фильм арқылы оқыту әдісін қолдана отырып меңгертетін болсақ, жақсы нәтижелерге қол жеткізе аламыз. Олар фильмнің көмегімен өздеріне қиындық тудыратын мәселелерді оңай шеше алады. Фильм арқылы оқыту әдісі қолданылған сабаққа студенттер белсенді және қызығушылықпен қатысатын болады [3, 95-б.].

Орыс ғалымы Комарова: «Фильм оқу үдерісін жетілдіріп, оған барынша коммуникативті бағыт береді. Студенттер сабақ барысында қосымша тілдік орта құрып, сөйлеу жағдаяттарын тыңдалым және көрсетілім арқылы іске асыратын көрнекілігі жоғары материалмен танысады», – деп атап көрсетеді [9, 192-б.].

Студенттер көбіне фильмнің ақпараттық, танымдық, білімділік мазмұнына емес, ойын-сауықтық аспектісіне көбірек көңіл бөлуі мүмкін, бұл тіл үйрену мақсаттарына назар аудартапайды [10, 39-б., 11, 126-б.]. Осыған қарайтын болсақ, фильм арқылы оқыту әдісіне қатысты әлемде жүргізілген ғылыми зерттеулердің өзіндік артықшылықтары да, кемшіліктері де бар екенін аңғаруға болады. Демек, біріншіден, бұл тақырыпты зерттеу маңызды екенін көреміз. Екіншіден, фильмдер қазақстандық жоғары оқу орындарында шет тілін үйренуде кең қолданылғанымен, қазақ тілін оқытуда көп пайдаланыла бермейді. Міне, осы мәселе, яғни қазақ тілін фильм арқылы оқытудың өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктерін зерттеу, талқылау қазақстандық білім берудегі маңызды проблемалардың біріне жатады.

Фильм арқылы тіл үйрету әдісі жоғарыда айтқанымыздай, көбінесе шет тілін немесе қазақ тілін шетелдіктерге үйретуде қолданылады. Өйткені фильм оқытылатын тілдің мәдениеті, дәстүрлері мен әлеуметтік нормалары туралы түсінік береді, бұл тілдің реңктері мен контекстік қолданылуын түсінуге көмектеседі [12, 81-б.]. Сол себептен де шет тілін оқытуда да фильмді пайдаланудың өзіндік қажеттігі бар.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Қазір киноөндірісінің дамуы мен кең таралуының арқасында фильмді білім беру саласында пайдаланудың көптеген әдіс-тәсілдері пайда болды. Тақырыптық тәсілді қолдану сияқты мұнда да түрлі әдістер қамтылуы мүмкін. Фильм арқылы оқытуда тарихи тақырыпта әңгімелеу қағидаларына сүйене отырып, күнделікті өмір туралы әлемнің әр бөлігіндегі саяси-экономикалық өзгерістерді түсіндіруге және диалогтық көзқарасты дамытуға болады [4–8].

Жоғарыда айтып өткеніміздей, зерттеу материалы ретінде 2022–2023 оқу жылының 1-жартыжылдығында «Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасының» 3-курсындағы «Ақыметтану» пәні бойынша жүргізілген 12 практикалық сабақ алынды.

Жоспар бойынша оқу материалын таңдау критерийлері әзірленді. Оның маңызды артықшылығына фильм арқылы оқу материалдарын біріктіру принциптері мен әзірлеудің негізделуі жатады. Оқытуда фильмді таңдау кезінде келесі критерийлер ескерілді:

- 1) фильмнің тілдік мазмұнының студенттердің лингвистикалық дайындық деңгейіне сәйкестігі;
- 2) фильмнің тақырыптық өзектілігі;
- 3) фильмнің сапасы;
- 4) фильм мазмұнының білім беру мақсаттары мен міндеттеріне, студенттердің қызығушылықтарына сәйкестігі;
- 5) фильмдегі тарихи, саяси, әлеуметтік, мәдени және әлеуметтік лингвистикалық ақпараттың мазмұны;
- 6) ақпараттық-көркемдік құндылығы;
- 7) фильмнің танымалдылығы;
- 8) жанрлық және композициялық әртүрлілігі;
- 9) қазақ тілінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал ететін фильмнің сюжеті.

Аталмыш критерийлерді ескере отырып, Қазақстан ұлттық телеарнасында түсірілген «Ахмет. Ұлт ұстазы» атты фильм таңдап алынды. «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмі – 2021 жылы түсірілген 6 сериялы тарихи драмалық телехикая. Бұл сериалда XX ғасыр басындағы қазақ

зиялыларының, оның ішінде Ақымет Байтұрсынұлының басынан кешкен қиын қыстау тағдыры баяндала отырып, ұлт мұраты жолында жасаған дамылсыз әрекеті насихатталады [13].

Фильмді көрмес бұрын студенттер дәріс сабақтарында Ақыметтің өмірбаянымен шығармашылығы туралы ақпараттанды. Практикалық сабақтарда студенттердің өз беттерімен ізденулерін қажет ететін тілдің лексикалық аспектілерін үйрететін коммуникативтік топтық тапсырмалар беріледі.

Талдау мен нәтижелер

Қазіргі уақыт – ақпарат алмасудың кең тараған тәсіліне айналған бейне/видео дәуірі. Бұл YouTube сайтына минут сайын жүктелетін бейне контенттің статистикасы және бейнені пайдаланудың үлкен көлемі YouTube-тің екінші ірі іздеу жүйесі болуына алып келді [14, 56-б.]. Осының бәрі YouTube-ті жоғары оқу орындарында тілді оқыту тәсілі ретінде пайдалануға болатынын көрсетті. Дереккөздерінің көптеген түрлерін және бейне құралдарды пайдалана отырып оқыту бүгінгі оқу үдерісінің стандартты құрамдас бөлігіне айналды. *«Бейнені қайдан табуға болады?»* деген бұрынғы сұрақтың орнына қазіргі таңда *«Дұрыс бейнені қалай таңдауға болады? Білім беру мақсатында қолайлы бейнероликті таңдағанда мұғалім нені ескеруі керек?»* деген сұрақтар туындайтын болды. Дегенмен фильмдер кейде мәдени стереотиптерді қалыптастырады немесе үйретілетін тіл мәдениеті туралы алдын-ала ақпарат береді [15, 142-б., 16, 87-б.].

XX ғасыр басында патша үкіметінен Кеңес одағына өткен дәуірде, қазақ тіліне енген кірме сөздер туралы және Ақымет Байтұрсынұлының өзге тілден сөз алу қағидаттарына сай кірме сөздерді аударуы, балама табуы, қазақ тілінің айтылу дағдысына икемдеуі туралы студенттерге «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмі арқылы әртүрлі тапсырма беріліп, талқылау ұсынылды.

Уилкинс: «Тіл үйренушілер фильм арқылы елдің өмірі мен салт-дәстүрлері туралы толықтай мағлұмат алады және осы арқылы елдің тілін түсініп, үйренуге деген қызығушылықтары арта түсетін болады», – дей келіп, сөздерді білудің маңыздылығы туралы былай дейді: «Сіз грамматикасыз тілде сөйлесе аласыз, бірақ сөздерді білмей сөйлесе алмайсыз», – деп атап көрсетеді [17, 211-б.]. Фильмдерді көру тіл үйренуді қызықты ете алады, студенттердің ынтасын арттырады және тіл үйренуде қызығушылықты тудырады [18, 92-б., 19, 69-б.].

Бұл зерттеу жұмысында студенттер бір ғасыр бұрынғы қазақ халқының өміріне иллюзия тудырып, сол кездегі қазақ тілі мен қазіргі қазақ тіліндегі кірме сөздердің айырмашылықтары мен ұқсастықтарын түсінуге талпынатын болады. Тілді оқыту барысында фильмді қолдану жөнінде Ильченко былай дейді: «Тіл үйренушілерді табиғи тілдік ортамен таныстыру иллюзиясын тудыру, тілдік ортаны модельдеу, сабақта оқытылатын тіл елінің әлеуметтік-мәдени және тілдік ортасына ену принципі, яғни коммуникативтік жағдаят жүзеге асырылады» [20, 86-б.].

Осылайша біз студенттерге XX ғасыр басындағы қазақ өмірінің иллюзиясын тудыртатын боламыз. Студенттер өздерін сол дәуірде өмір сүргендей сезінетін болады. Фильм рөлдік ойындар мен диалог тәжірибесіне мүмкіндік береді, бұл сөйлеу дағдыларын жақсартады және сенімді арттырады [21, 75-б., 22, 106-б., 23, 462-б.].

XX ғасыр басында қазақтардың сөз саптауы, сөйлеу мәнері басқашалау болған. Актерлердің сөйлеу мәнері мен интонациясына еліктеу студенттердің сөйлеу қабілетін жақсартуға көмектеседі [24, 17-б., 25, 50-б.]. Фильмдерде көбінесе күрделі тіл, жылдам сөйлеу және тарихи кезеңге қатысты ауызекі сөйлемдер қолданылады, және ол студенттерге қиындық тудырады [1, 516-б., 26, 51-б.]. Фильмді көру барысында субтитрлерді пайдалану

«екі жүзді қылыш» сияқты; субтитр фильмді жақсы түсінуге көмектескенімен, студенттердің ауызекі сөйлеу тілін тыңдаудан алшақтатып, тілінің дамуына кедергі келтіруі мүмкін [27, 49-б., 28, 89-б.].

«Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмінің 6 бөлімі бойынша алдын-ала берілген тапсырмалар 6 оқу топшаларында орындалды. Сабақ өткізген оқу тобы 7 студенттен топшаларға бөлінді. Осы топшаларда «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильміне қатысты төмендегі жұмыстар жүргізілді:

Фильмнің әр бөлімі бойынша әрбір топ терминдер мен кірме сөздерге А.Байтұрсынұлы ұсынған қазақ тіліндегі нұсқаларына мысал келтірді. XX ғасыр басында қолданылған сөздердің қазіргі уақыттағы нұсқалары берілді, кейбір сөздер қазіргі уақытта қолданыстан шығып қалған.

1-кесте – «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмінің алты бөлімі бойынша кірме сөздерге қатысты студенттердің жинақтаған деректері

А. Байтұрсынұлының аудармалары		XX ғ. басындағы кірме сөздер	
1	2		
1-бөлім			
Дәйекше – апостроф Отарба – поезд Откеме – пароход	*Талон *Пациент-наукас Рамка (сурет) Тілмәш – переводчик *Түрме – тюрьма Уездной управитель *Номер (газет)-нөмір *Россия- Ресей *Облыс-область	*Журнал *Телеграф Губернатор Петиция Дума Губерния *Ордер Контра	*Диагноз *Генерал Училище Империя Киргиз Каторга *Полковник *Том (кітап)
2-бөлім			
*Сөйлем – предложение *Тұрлаулы мүше – главные члены *Тұрлаусыз мүше – второстепенные члены Пәнсөз – термин *Баспасөз – нәшірият (татар сөзі)	Контрреволюция «Советская степь» газет Байтұрсыновщина Десятина (жер) *Тираж (газет) *Подписка-жазылу *Штраф-өтемақы Кәмпеске – конфискация	Машинка Семинария Сом (ақша) Переселен Панисламист Жандармерия Революция	Пұт-пуда *Редакция Закон Школ *Борщ НКВД *Партия
3-бөлім			
	*Камера (түрме) Карточка/фотокарточ ка Имперский брачный закон *Архив-мұрағат	Совет Одағы Июнь жарлығы Расход (ақша)	Дружина Православ Самодержавие Қазит- газет Закон
4-бөлім			
	*Демократия Ақгвардияшылар Ұлы Октябрь революциясы *Территория-аумақ	*Федерация Комитет Автономия Атаман	*Идея Губерния ВКПБ Съезд

1-кестенің жалғасы

1	2		
5-бөлім			
*Буын – слог *Бунақ – стопы *Ұйқас – рифма *Бастауыш – подлежащее *Ырғақ – ритм *Баяндауыш – сказуемое *Одағай – междометие *Етістік – глагол *Шылау – служебные слова *Жұрнақ - суффикс	Интернационализм *Дача-саяжай Махровый шовинизм Антисоветтік Әскери трибунал *Терминком Комиссариат *Интеллигенция- зиялы қауым *Ура- алақай	*Пианино *Скрипка *Лингвист Коммунист *Идеология Реформатор *Психология *География *Арифметика *Педагогика	*Музыка *Факт *Билет Шпионаж *Физика Диктатура Большевик *Шен – чин Пролетариат Ревком
6-бөлім			
	*Алфавит-әліпби *Графика (араб) Басмашы - басмачи Білім комиссиясы *Дело- қылмыстық іс *Фотография-сурет *Протокол-хаттама Құпия шифр	Трибуна Кремль *Регламент *Физиология Пролетариат *Психика Прогресс	Революция Тираж Ордер *Кодекс *Механика *Логика Кабинет
Барлығы: 18 сөз	Барлығы: 122 сөз		

Ескерту: *жұлдызшамен берілгендер - қазіргі кезде де қолданылатын сөздер

Фильм студенттерді шынайы өмір контексінде қолданылатын табиғи тілмен таныстырады [29]. Студенттер фильмдегі фрагменттерді рөлдік ойнау арқылы XX ғасыр басындағы тек қана кірме сөздер ғана емес, сонымен қатар қазақ тіліндегі сөздердің сол уақыттағы және қазіргі қолданыстарындағы айырмашылықтарға да мән берді.

Студенттер сабақ барысында аталмыш фильмнің алты бөлімі бойынша барлығы – 140 кірме сөз тапты. Оның 18-і А. Байтұрсынұлының нұсқасымен қазақ тіліне аударылған. 18 сөздің 4-ін қазір қолданбаймыз. 122 сөз фильмде аудармасыз, түпнұсқа орыс тіліндегі немесе орыс тілі арқылы шет тілдерінен енген қалпында қолданылды. 122 сөздің 53-і әлі де қолданыста, оның ішінде 13-і қазақ тіліндегі аудармасымен қолданылады. 100 жылдан бері әлі күнге дейін қолданыстағы 53 кірме сөздің 13-нің ғана аударылуы, қазақ тілінің әлі де орыс тіліне тәуелді екендігін көрсетеді деген тұжырым жасауға болады. Айталық, өз зерттеулерінде І. Кеңесбаев: «Все корневые слова, заимствованные из русского языка, и интернациональные термины, вошедшие в казахский через русский язык, пишутся согласно орфографическим нормам русского языка, например: совет, социализм. Исключение составляют давно усвоенные заимствования, написание которых подчинено законам фонетики казахского языка, например: жәшік (<ящик), а также двухвариантные слова: газет// газета», – деген пікір айтады [30, 344-б.]. Осыған қарасақ, бір ғасырдан бері өзге тілден сөз алу барысында қазақ тілі орыс тілінің емле ережесіне тәуелді болып келе жатқандығын көреміз.

І. Кеңесбаев жоғарыда айтқан пікірін сабақтай келіп: «В современном казахском литературном языке значительное количество слов, вошедших из арабского и персидского, а также из языков других народов. Правописание таких заимствований, давно вошедших в словарный фонд казахского языка, полностью подчинено орфоэпическим нормам казахского

языка: *әділ* – «справедливый», *мектеп* – «школа» и др», дейді [30, 345-б.]. Ал бұл арқылы араб және парсы тілдерінен енген кірме сөздердің қазақ тілінің айтылуына сай бейімделіп, тілге сіңісіп кеткенін байқаймыз.

Әр бөлім бойынша топтар фильмнен үзінді көрсетті. Мысалы: 2-топ 2-бөлім бойынша фильмдегі 12.10-13.32 уақыт аралығында Ақымет пен әйелі, Бәдрисафаның және Ақымет пен Міржақыптың әңгімелерінен 2 қойылым көрсетті. Бұл қойылымда ұлт ұстазы Ақыметтің *сөйлем, тұрлаулы, тұрлаусыз мүше және баспасөз* деген жаңа сөздерді енгізу сәті көрсетіледі. Студенттердің қойылымын мына сілтеме бойынша көруге болады: <https://youtu.be/Ly2wxgE9bRI?si=ko94isFWmohRX236> [31].

Студенттердің сабақтың әр кезеңінде жүргізілген жұмыстарға жеке кері байланысы ретінде *INSERT* әдісі қолданылды. Осы әдіс арқылы тапсырманы орындау барысында топтық жұмыстың артықшылықтары мен кемшіліктері сипатталады:

1.«!» – **білемін**. Бұл критерий бойынша студенттер фильмді көргенге дейінгі өздері білетін ақпаратпен бөлісті:

- Ақымет Байтұрсынұлының реформатор ретінде 341 терминді ойлап тапқанын және төте жазуды құрастырғанын білетіндіктерін айтты;
- Ақымет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінің редакторы болғандығынан және де «Тіл құралы», «Оқу құралы», «Қырық мысал», «Маса» атты шығармаларынан хабардар екен.

2.«-» - **білмедім, мен үшін түсініксіз** критерийі бойынша студенттер фильмді көру барысында туындаған қиындықтармен бөлісті:

- фильмде Ақымет Байтұрсынұлының кейбір сөздерді неге аудармай, орыс тілінде қолданғаны түсініксіз; «отарба» сөзінің не мағына беретіні түсініксіз.
- кейбір сөздердің мағыналары түсініксіз, қазіргі атауларға ұқсамайды.

Өйткені қазіргі студенттер тәуелсіз Қазақстанның ұрпақтары, олар үшін XX ғасыр басында Кеңес одағы орнап жатқан сәттегі кейбір сөздерді түсіну қиындық тудырған.

3.«+» - **жаңа білдім, мен үшін жаңалық** критерийі бойынша студенттер төмендегі мәліметтердің өздері үшін жаңалық болғанын жарыса бөлісті:

- *предложение* сөзін *сөйлем* деп аударғаны;
- Ақымет Байтұрсынұлының енгізген *дәйекше, тұрлаулы мүше, тұрлаусыз мүше* сөздері;
- жаңа емле кітабы жарық көріп, көп елдерде оқытылғаны;
- 1905 жылғы петицияның авторы болғаны;
- *нәшірият* сөзінің мағынасы;
- *ревком, контрреволюция, интернационализм* терминдерімен танысу;
- 3-бөлімнің негізгі идеясы – барлық бала білім алуға міндетті;
- *телеграфты* кім ойлап тапқаны; фильм өте қызықты;
- хаттамаға «*не признаю*» деп жазып, қол қойған;
- *зат есім, сын есім, сан есім* сөздерін әлі күнге дейін қолданып келеміз;
- А. Байтұрсынұлы пуристік бағытты ұстанған деп, ол жасаған терминдердің біразы қолданыстан шеттетілгенін білдім;

4.«?» - **мені қызықтырады, зерттеймін** критерийі бойынша студенттер фильмнен алған әсерлерімен бөлісті және де болашақта келесі деректерге қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізгісі келетіндіктерін айтып өтті:

- «Мәдениет тарихы» кітабын табу, қайда жасырылғаны қызық, оқығым келеді;
- 20 жыл жазған «Мәдениет тарихы» кітабын 2 айда қайтадан қалай тез жазып шыққан;
- шығармашылығын толық зерттегім келеді;

- *мұшқалақ* сөзінің мағынасы;
- 1917 жылғы съезді зерттегім келеді; фильмді толық қарап, басқа да терминдерді зерттеймін;
- «Анама хат» өлеңінің туған сәті қызықтырады;
- А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер мен жаңа сөздердің барлығын білгім келеді;
- жазған оқулықтарының атауы қалай ойға келгені, ненің ықпалынан пайда болғаны қызықтырады;
- А.Байтұрсынұлының өмірі жайлы толық ақпарат алу;
- фильмде біз білмейтін көптеген терминдер кездесті, соларды зерттегім келеді;
- төте жазуды енгізу үшін неше жылы құрбан болды;
- Ақыметтің ұрпақтары жайында білгім келеді;
- Ақыметтің неше тіл білгені қызықтырады;
- басылмай қалған кітаптары қайда екені қызықтырады;

Осылайша студенттер жүргізілген жұмысқа кері байланыс ретінде *INSERT* әдісін қолдана отырып, жан-жақты талдау жасай алды. Тіл үйрену үшін фильм арқылы оқыту әдісін қолданған кезде мәдени стереотиптерді түсінуде қиындық тудырмау оқытушының жауапкершілігінде болғаны дұрыс. Қазақстан телеарнасы түсірген тарихи фильмге сүйеніп, тілді оқытуға, сабақ өткізуге болады. Өйткені ұлттық арна болғандықтан фильмдегі мәліметтер нақты факті бойынша түсіріледі және тарихшы, лингвист ғалымдардан кеңес алып отырады. Ешқандай кемшілікке жол бермей, қатаң тексеруден өткізіп барып ұсынады.

Қазіргі таңда Қазақстанда білім беру саласында фильмді қолдану мардымсыз. Тек шетел тілін үйрету барысында ғана қолданылады. Ал қазақ тілін шетелдіктерге үйрету барысында аздап қолданылғанымен өз ана тіліміз қазақ тілінде білім беру мақсатында қолданылмайды деуге де болады.

Студенттердің кері байланысы бойынша иллюзияны толықтай сезіну үшін кей жағдаяттар мен кейбір кірме сөздер түсініксіз болған. Бірнеше студент өз беттерінше ізденіп, кейбір кірме сөздердің мағынасын, шығу тегін білуге тырысқан. Мысалы, *партия* – «идеология негізінде құрылған адамдар тобы»; *камера* сөзі (түрмедегі камера) латын тілінде «қараңғы бөлме» деген мағына береді.

Кеңес одағына қатысты кірме сөздерді түсіну студенттерге қиындық тудырды. Олардың тарапынан А. Байтұрсынұлы неліктен орыс және орыс тілі арқылы басқа да шет тілдерінен енген сөздердің қазақ тіліндегі нұсқаларын беруге тырыспаған деген сұрақтар туындады. Өйткені бүгінгі студенттер тәуелсіз Қазақстанның ұрпақтары, оларға Кеңес одағына қатысты көптеген мәліметтер түсініксіз. Кей студенттер өздері түсінбеген кірме сөздерге қатысты әлі де зерттеу жүргізгілері келетіндігін атап өтті. Дегенмен «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмін толық көріп, әртүрлі тапсырма арқылы жан-жақты жұмыс жүргізудің нәтижесінде студенттер анықтаушы сауалнаманың көрсеткіштеріне қарама-қарсы пікірде болды. Студенттер киноның әсерінен фильмнен шынайы таланттарды көріп, тарихымызды тереңірек білгендіктерін және тіліміздің және рухани құндылықтарымыздың қалыптасуын көргендіктерін жарыса айтты. Болашақта қазақстандық өнім, қазақ фильмдерін, оның ішінде тарихи жанрдағы фильмдерді көбірек көретін болып, өздерінің бастапқы ойларын өзгертті.

Фильмді көру барысында субтитрлерді пайдалану фильмді жақсы түсінуге көмектескенімен, студенттердің ауызекі сөйлеу тілін тыңдаудан алшақтатып, тілінің дамуына кедергі келтіруі мүмкін. Егер де қазақ тіліндегі фильмдер ағылшын және басқа да шет тілдеріндегі субтитрмен таралатын болса, әлемдік деңгейде қазақ тілін үйренгісі келетіндерге көмекші болар еді. Қазірде қазақ тілі АҚШ-тың Калифорния штаты мен Англияның Оксфорд университеттерінде оқытылып жатыр. «Ахмет. Ұлт ұстазы» сияқты

тарихи фильмдер осы университеттерде қазақ тілінде ағылшын тіліндегі субтитрімен көрсетілетін болса, қазақ тілін үйренушілерге көп септігін тигізеді.

Осы әдістің қаншалықты тиімді екенін көрсету үшін зерттеуге дейін және зерттеуден кейін жүргізілген сауалнама нәтижелері салыстырмалы түрде *Jamovi* платформасын [32, 33, 34] қолдану арқылы жасалды.

2-кесте – Фильм арқылы кірме сөздерді үйрету әдістерін дамыту көрсеткіштері бойынша орташа мәндер (бақылау және эксперименттік топтар)

Қарастырылған сұрақтар	Сауалнама	Студент саны	Орташа	Орташа квадраттық ауытқу	Орташа квадраттық қате
Қазақ тіліндегі кірме сөздер ұғымымен қаншалықты таныссыз?	1	21	2.05	0.498	0.1086
	2	21	1.57	0.507	0.1107
Фильмдерді тіл үйренуде пайдалы болады деп есептейсіз бе?	1	21	1.71	0.463	0.1010
	2	21	1.52	0.602	0.1313
Фильм арқылы жаңа сөз үйренген кезіңіз болды ма?	1	21	1.14	0.359	0.0782
	2	21	1.10	0.301	0.0656
Кірме сөзді үйрету үшін фильмді қолданудың бір ықтимал шектеуі қандай?	1	21	1.86	1.153	0.2515
	2	21	2.19	0.981	0.2140
XX ғ. басында кірме сөздердің қазақ тіліндегі нұсқаларын кім ұсынды?	1	21	1.95	0.218	0.0476
	2	21	2.00	0.000	0.0000
Кірме сөздер қазақ тіліне қалай бейімделеді?	1	21	2.57	1.287	0.2809
	2	21	2.19	0.928	0.2026
Фильмдер кірме сөздерді түсінуге қалай көмектеседі?	1	21	2.81	1.327	0.2897
	2	21	1.67	1.111	0.2423
Кірме сөздерді фильм арқылы үйрену қазақ тіліндегі сөздік қорыңызды байытады деп ойлайсыз ба?	1	21	1.48	0.873	0.1905
	2	21	1.29	0.717	0.1565
Фильм арқылы тіл үйрету курсы сізді қызықтырады ма еді?	1	21	1.19	0.512	0.1117
	2	21	1.19	0.602	0.1313

Қазақ тіліндегі кірме сөздер ұғымымен таныстық көрсеткіші бойынша 1-топтың орташа мәні (2.05) 2-топқа қарағанда (1.57) жоғары, бұл олардың таныстық деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Тіл үйренудегі фильмнің пайдасы айнымалысы үшін 1-топтың орташа мәні 1.71, ал 2-топта 1.52, бұл екі топ арасында шамалы айырмашылық бар екенін білдіреді. Фильм арқылы жаңа сөз үйрену көрсеткіші бойынша екі топтың орташа мәндері бір-біріне өте жақын (1.14 және 1.10), яғни бұл фактор екі топта да бірдей деңгейде қабылданған. Кірме сөзді үйрету үшін фильмді қолданудың бір ықтимал шектеуі айнымалысы бойынша 2-топтың орташа мәні (2.19) 1-топқа (1.86) қарағанда жоғары, бұл олардың шектеулерді көбірек сезінуі мүмкін екенін білдіреді. XX ғасыр басында кірме сөздердің қазақ тіліндегі нұсқасын ұсынған ғалым айнымалысы үшін 1-топтың орташа мәні 1.95, ал 2-топта 2.00, бұл айнымалы бойынша айтарлықтай айырмашылық жоқ екенін көрсетеді. Кірме сөздердің қазақ тіліне бейімделу көрсеткішінде 1-топтың орташа мәні 2.57, ал 2-топта 2.19, бұл 1-топтың бейімделу деңгейі жоғарырақ екенін көрсетеді. Кірме сөздерді түсінудегі фильмнің рөлі бойынша 1-топтың орташа мәні (2.81) 2-топқа қарағанда (1.67) айтарлықтай жоғары, бұл олардың түсіну деңгейінің жақсы екенін көрсетеді. Кірме сөздерді фильм арқылы үйреніп, сөздік қорды байыту айнымалысы бойынша 1-топтың орташа мәні 1.48, ал 2-топта 1.29, бұл олардың сөздік қорының шамалы айырмашылықта екенін көрсетеді. Фильм арқылы тіл үйрету курсы көрсеткішінде екі топтың орташа мәндері тең (1.19), яғни бұл айнымалы бойынша екі топта да ұқсас нәтижелер бар.

Жалпы кейбір айнымалылар бойынша топтар арасында айтарлықтай айырмашылық бар, әсіресе кірме сөздердің қазақ тіліне бейімделу және кірме сөздерді түсінудегі фильмнің рөлі, ал басқа көрсеткіштер бойынша айырмашылықтар аз немесе мүлде жоқ.

Зерттеу барысында фильм арқылы XX ғасырдың басында қазақ тіліне енген кірме сөздердің қолданылу ерекшеліктері анықталды. Ақымет Байтұрсынұлы ұсынған қазақ тіліндегі баламалардың қазіргі қазақ тіліндегі нұсқаларымен салыстырылуы олардың мағыналық және құрылымдық өзгерістерге ұшырағанын көрсетті. Фильмді пайдалану арқылы студенттердің кірме сөздер мен олардың қазақша баламаларын меңгеру деңгейі анықталды. Студенттердің зерттеуге дейінгі және кейінгі білім деңгейін салыстыру үшін тәуелсіз екі таңдамалы t-тест қолданылды. Зерттеуге барлығы 42 студент қатысып, олар екі топқа бөлінді: эксперименттік және бақылау топтары.

Эксперименттік топ фильм арқылы оқыту әдісін қолданса, бақылау тобы дәстүрлі оқыту тәсілдерімен оқытылды. Оқыту аяқталғаннан кейін алынған тест нәтижелері t-тест көмегімен өңделді. Эксперименттік топтағы студенттердің орташа көрсеткіші бақылау тобынан жоғары екені анықталды ($M=2.81$, $SD=1.327$, $M=1.67$, $SD=1.111$). Бұл көрсеткіш фильмді қолдану арқылы тілдік материалдың жақсы меңгерілетінін растайды.

Сонымен қатар студенттердің сабаққа қызығушылығы мен қатысу деңгейі артқаны байқалды. Фильмнің визуалды және аудиалды ақпаратты қатар ұсынуы студенттердің есте сақтау қабілетін жақсартуға ықпал етті. Эксперименттік топтағы студенттердің кірме сөздерді дұрыс аудару және олардың мағынасын түсіну көрсеткіштері бақылау тобына қарағанда жоғары болды.

Зерттеу нәтижелері фильмнің кірме сөздерді үйрету барысында тиімді әдіс екенін көрсетті. T-тест нәтижелері бақылау және эксперименттік топтар арасындағы айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан маңыздылығын дәлелдеді ($p<0.05$). Сонымен қатар эксперименттік топтағы студенттердің орташа көрсеткіші бақылау тобынан едәуір жоғары екені байқалды. Бұл фильмнің оқыту үдерісінде визуалды қолдау құралы ретінде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Чех ғалымы Фридрихова Гарри Поттер фильмдеріндегі кірме сөздердің ағылшын тілінен қытай тіліне ену процесін зерттеген. Тек фильмдерде кездесетін кірме сөздерді екі себепке байланысты талдаған: біріншіден, кітаптарда кездесетін

кірме сөздер саны көп және оны зерттеу әлдеқайда көп уақытты алады; екіншіден, бұл заманда кітапқа қарағанда фильмнің аудиториясы ауқымдырақ [35, 93-б.].

Фильмді қолдану арқылы студенттердің белгілі бір объектіге зейінін сақтауы жақсарды. Көру және тыңдау үдерісінде сананың тұрақты шоғырлануы байқалды, бұл олардың оқу материалын тереңірек меңгеруіне ықпал етті. Фильм көмегімен үйренген кірме сөздер студенттердің сөйлеу тәжірибесінде белсенді қолданылғаны анықталды. Сондай-ақ кірме сөздердің мағынасын түсінуде эксперименттік топтың студенттері анағұрлым жоғары нәтиже көрсетті.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, фильмнің қазақ тілін оқытуда маңызды құрал бола алатынын айтуға болады. Сабақ барысында фильмді қолдану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып, тілдік материалды жеңіл қабылдауына көмектеседі. Ақымет Байтұрсынұлы ұсынған аудармалардың қазіргі тілдік қолданыспен байланысын салыстыру студенттерге тарихи-лингвистикалық көзқарас тұрғысынан ойлану мүмкіндігін берді. Зерттеу барысында алынған мәліметтер қазақ тілін оқыту әдістемесінде фильмді қолдану қажеттігін дәлелдейді.

Жалпы алғанда фильм арқылы оқыту әдісі кірме сөздерді меңгеру тиімділігін арттырып, студенттердің сөздік қорын байытуға оң әсер ететіндігі анықталды. Болашақта қазақ тілін оқытуда фильмдерді жүйелі түрде қолдану кірме сөздерді игеру үдерісін жеңілдететінін көрсетеді. Сонымен қатар фильмді оқу материалы ретінде қолдану қазақ тілінің тарихи даму ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді. Тұжырымдай айтқанда, зерттеу нәтижелері фильмнің тіл үйретудегі тиімділігін дәлелдеп, оның болашақ әдістемелік зерттеулерде қолданылу мүмкіндігін көрсетеді.

Қорытынды

Бұл зерттеу XX ғасырдың басында қазақ тіліне енген кірме сөздерді фильм арқылы үйретудің тиімділігін зерттеуге бағытталды. Ақымет Байтұрсынұлы ұсынған аудармалардың қазіргі нұсқаларымен салыстырылуы олардың мағыналық және қолдану ерекшеліктерінің уақыт өте өзгергенін байқатты. Фильмді оқу үдерісінде пайдалану студенттердің кірме сөздерді қабылдау деңгейіне оң әсер етті. Зерттеу нәтижелері фильмнің оқыту әдісі ретінде тиімділігін растап, оны тілдік сабақтарда кеңінен қолдануға болатынын көрсетті.

Фильм студенттердің тілдік материалды жақсырақ меңгеруіне көмектесті, өйткені визуалды және аудиалды ақпаратты біріктіре отырып, оларды оқу үдерісіне белсенді түрде тартты. Эксперименттік топтың бақылау тобынан жоғары нәтиже көрсетуі осы әдістің артықшылықтарын дәлелдейді. Сонымен қатар фильмді қолдану студенттердің белгілі бір объектіге зейінін сақтауға, ақпаратты жылдам және тереңірек меңгеруге ықпал етті.

Зерттеу барысында алынған мәліметтер қазақ аудиториясында, оның ішінде тіл мамандарына қазақ тілін оқытуда фильмнің маңыздылығын көрсетті. Кірме сөздерді фильм арқылы үйрету студенттердің сабаққа деген қызығушылығын арттырып, олардың сөздік қорын кеңейтуге септігін тигізді. Бұл әдістің тиімділігі зерттеу нәтижелері арқылы статистикалық түрде дәлелденді.

Болашақта қазақ тілін оқытуда фильмді жүйелі түрде пайдалану ұсынылады. Бұл студенттердің лингвистикалық және мәдени танымын кеңейтуге көмектеседі. Фильмді оқыту материалы ретінде қолдану кірме сөздерді меңгеру үдерісін жеңілдетіп, студенттердің қазақ тілін игеру сапасын жақсартады. Сондай-ақ бұл әдіс студенттердің тарихи-лингвистикалық көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Қорыта айтқанда, фильмді тіл үйретуде қолдану оның тиімді әдістердің бірі екенін дәлелдеді. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін оқытуда фильмнің маңыздылығын және оның болашақ зерттеулер үшін перспективалық құрал екенін көрсетті. Фильм арқылы оқыту

студенттердің тілдік дағдыларын жақсартуға, олардың кірме сөз табиғатын, олардың ену үдерісін, баламалануы мен бейімделуін түсінудегі білімін тереңдетуге және сабақ үдерісін қызықты әрі тиімді етуге мүмкіндік береді.

REFERENCES

1. King J. Using DVD feature films in the EFL classroom // *Computer-assisted language learning*. – 2002. – Т. 15, №5. – С. 509–523.
2. Brown T. Using film in teaching and learning about changing societies // *International Journal of Lifelong Education*. – 2011. – Т. 30, №2. – С. 233–247.
3. Harmer J. The practice of English language teaching // London/New York. – 2001. – Т. 32. – №1. – P. 401–405.
4. Benjamin W. The Storyteller: Reflections on the Work of Nikolai Leskow // *Illuminations: Essays and Reflections*. – 1969. – С. 83–109.
5. Sayles J. Thinking in pictures: The making of the movie *Matewan*. – Mariner Books, 1987. – 180 p.
6. Polletta F. Contending stories: Narrative in social movements // *Qualitative sociology*. – 1998. – Т. 21. – P. 419–446.
7. Ganz M. Organizing: People, power, change // *Organ Handb*. – 2014. – P. 15–20.
8. Jesson J., Newman M. Radical adult education and learning // *Dimensions of adult learning*. – Routledge, 2020. – С. 251–264.
9. Комарова Ю.А. Использование видео в процессе обучения иностранным языкам в старшей школе // *Методика обучения иностранным языкам в средней школе*. – 2008. – С. 188–203. / Komarova Yu.A. Ispolzovanie video v processe obuchenia inostrannym iazykam v starshei shkole [Using videos in the process of teaching foreign languages in high school] // *Metodika obuchenia inostrannym iazykam v srednei shkole*. – 2008. – S. 188–203. [in Russian]
10. Eisenman G., Edwards S., Cushman C.A. Bringing reality to classroom management in teacher education // *Professional Educator*. – 2015. – Т. 39. – №1.
11. Ismaili M. The effectiveness of using movies in the EFL classroom—A study conducted at South East European University // *Academic Journal of Interdisciplinary Studies*. – 2013. – Т. 2. – №4. – P. 121–132.
12. Shakhnoza S. The use of movies in language teaching // *Prospects of Development of Science and Education*. – 2023. – Т. 1. – №14. – P. 1–14.
13. Қазақстан телеарнасы. «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильмінің онлайн көрсетілімі. – URL: <https://qazaqstan.tv/serials/akhmet-ult-ustazy/> / Qazaqstan telearnasy. «Ahmet. Ult ustazy» filminin onlain korsetilimi [Kazakhstan TV channel. Online screening of the film “Ahmet. Teacher of the nation”]. URL: <https://qazaqstan.tv/serials/akhmet-ult-ustazy/> [in Kazakh]
14. Sakir G., Dollah S., Ahmad J. Students' perceptions toward using YouTube in EFL classrooms // *Journal of Applied Science, Engineering, Technology, and Education*. – 2020. – Т. 2. – №1.
15. Pegrum M. Film, culture and identity: Critical intercultural literacies for the language classroom // *Language and Intercultural Communication*. – 2008. – Т. 8. – №2. – P. 136–154.
16. Lawless K. Constructing the ‘other’: construction of Russian identity in the discourse of James Bond films // *Journal of Multicultural Discourses*. – 2014. – Т. 9. – №2. – P. 79–97.
17. Wilkins D.A. Linguistics in language teaching. – London: Edward Arnold, 1972. – Т. 111.
18. Aysu S. The use of technology and its effects on language learning motivation // *Journal of Language Research*. – 2020. – Т. 4. – №1. – P. 86–100.
19. Cakir I. The use of video as an audio-visual material in foreign language teaching classroom // *Turkish Online Journal of Educational Technology-TOJET*. – 2006. – Т. 5. – № 4. – P. 67–72.
20. Ильченко Е. Использование видеозаписи на уроках английского языка // *Первое сентября. Английский язык*. – 2003. – Т. 9. – С. 7. / Ilchenko E. Ispolzovanie videozapisi na urokah angliskogo iazyka [Using video recordings in English lessons] // *Pervoe sentiabria. Angliski iazyk*. – 2003. – Т. 9. – С. 7. [in Russian]

21. Lara Castro J., Díaz Larenas C. Students' willingness to participate in speaking activities through the use of scripted role-plays // *Comunicación*. – 2019. – Т. 28. – №2. – P. 71–86.
22. Wibawanti I.T. Improving Students' Speaking Skill Through Role Play // *Language-Edu*. – 2020. – Т. 9. – №2. <https://jim.unisma.ac.id/index.php/LANG/article/view/7306>
23. Rohmiyati Y., Asiah N. Exploring motivation and improving English speaking proficiency: A literature study on role-play method // *Cendikia: Media Jurnal Ilmiah Pendidikan*. – 2024. – Т.5. – №14. – P. 458–465.
24. Yudar R.S., Aditomo D.T., Silalahi N.S. Movie as a Helper for Students' Pronunciation in Speaking Skill Class // *ELSYA: Journal of English Language Studies*. – 2020. – Т. 2. – №1. – P. 15–19.
25. Lengkoan F., Hampp P. L. Imitation technique in learning English at the English education department Universitas Negeri Manado // *Jurnal Pendidikan Bahasa Inggris Indonesia*. – 2022. – Т. 10. – №1. – P. 48–53.
26. Frumuselu A.D. Subtitled television series inside the EFL classroom: long-term effects upon colloquial language learning and oral production: Doctoral thesis. – Tarragona, 2015. – 295 p.
27. Hestiana M., Anita A. The role of movie subtitles to improve students' vocabulary // *J. English Lang. Teach. Learn*. – 2022. – Т. 3. – №. 1. – P. 46–53.
28. Baranowska K. Exposure to English as a foreign language through subtitled videos: the impact of subtitles and modality on cognitive load, comprehension, and vocabulary acquisition // *System*. – 2022. – Т. 92. – P. 102295.
29. McCoy P. Using authentic materials: Keeping it real // *Teachers Helping Teachers*. – 2016. – P. 16–28.
30. Кенесбаев С., Мусабаев Г., Неталиева К. Орфография казахского языка // В кн.: Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер - Исследования по казахскому языку. – Алматы: Ғылым, 1987. – С. 338–349. / Kenesbaev S., Musabaev G., Netalieva K. Orfografia kazahskogo iazyka // V kn.: Qazaq til bilimi turaly zertteuler - Issledovania po kazahskomu iazyku [Spelling of the Kazakh language // in: Research on the Kazakh language]. – Almaty: Gylm, 1987. – S. 338–349. [in Russian]
31. Студенттердің «Ахмет. Ұлт ұстазы» фильміне түсірген туындысы. [Электронды ресурс]. URL: <https://youtu.be/Ly2wxgE9bRI?si=ko94isFWmohRX236> (қаралған күні 03.03.2025) / Studentterdin «Ahmet. Ult ustazy» filmine tusirgen tuyndysy. [Electronic resource]. URL: <https://youtu.be/Ly2wxgE9bRI?si=ko94isFWmohRX236> (date of access 03.03.2025) [in Kazakh]
32. The jamovi project (2024). jamovi. (Version 2.6) [Computer Software]. URL: <https://www.jamovi.org>.
33. Team R. D. C. R: A language and environment for statistical computing. – 2010. [Electronic resource]. URL: <https://cran.r-project.org/doc/manuals/r-release/fullrefman.pdf> (date of access 03.03.2025)
34. Revelle W. et al. Psych: Procedures for psychological, psychometric, and personality research // R package version. – 2020. – Т. 2, №5.
35. Frydrychová M. Strategies Used for Borrowing Neologisms from Harry Potter Movies to Chinese // *Acta Linguistica Asiatica*. – 2023. – Т. 13, №1. – P. 91–106. <https://doi.org/10.4312/ala.13.1.91-106>